

Облыс әкімиятының 2004 жылғы 2 ақпандағы № 32 "Кәсіптік балық аулау құқығын беру және балық шаруашылығы су айдындарын (төлімдерін) бекітіп беру туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Атырау облысы әкімиятының 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 92 қаулысы. Атырау облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 2 маусымда N 1993 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 62 қаулысымен

**Ескерту: Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 27.03.2009 N 62 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213-1 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 14-бабына сәйкес, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 2 ақпандағы 32 "Кәсіптік балық аулау құқығын беру және балық шаруашылығы су айдындарын (төлімдерін) бекіту туралы" қаулысына, (2004 жылғы 16 наурызда 1877 әділет департаментінде тіркелген) келесі толықтырулар енгізілсін:

З қосымшасына:

осы қаулының қосымшасына сәйкес Қиғаш өзені бойынша табиғатты пайдаланушылар арасында балық кәсіпшілігі төлімдерін бекітіп беру таблицасы 9, 10 жолдарымен толықтырылсын.

2. Осы қаулының "орындалуын бақылау облыс әкімінің" орынбасары Қ.Қ. Ищеновқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімиятының 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 92 қаулысына қосымша

|    |                  |                                 |
|----|------------------|---------------------------------|
| N  | Тартым төлімдері | Бекітіледі                      |
| 9  | "Бақыт"          | "Маскар" өндірістік кооперативі |
| 10 | "Булгачная"      | "Жазира" өндірістік кооперативі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК